

**2018 жылға арналған ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын көрсету қағидаларын бекіту туралы**

Ақмола облысы Астрахан аудандық мәслихатының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 6С-28-7 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 9 қаңтарда № 6311 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Ақмола облысы Астрахан аудандық мәслихатының 09.02.2018 № 6С-31-5 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18 бабының 8 тармағына, "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 қаулысының 2 тармағына, "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы № 72 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9946 тіркелген) сәйкес, Астрахан аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Ақмола облысы Астрахан аудандық мәслихатының 09.02.2018 № 6С-31-5 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. 2018 жылға арналған ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға көрсетілсін:

- 1) жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;
- 2) тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау – бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Астрахан аудандық мәслихатының 09.02.2018 № 6С-31-5 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Осы шешім Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Астрахан аудандық  
мәслихатының сессия  
төрағасы*

*Б.Шәріпов*

*Астрахан аудандық  
мәслихатының хатшысы*

*М.Қожахмет*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*Астрахан ауданының әкімі*

*Н.Сейілов*

22.12.2017 ж